

8D01301 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру» тақырыбында орындалған Сармантаев Аян Сапаровичтың диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Албытова Назымгүлдің жазбаша пікірі

№п п/п	Критерийлер	Критерийлерге сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	<p>Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымды дамыту бағыттарына және /немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы</p>	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1)Диссертация мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін);</p> <p>2)Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3)Диссертация</p>	<p>Ізденуші Сармантаев Аян Сапаровичтың 8D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынып отырған «Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы ғылымының даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарлама мазмұнына сәйкес келеді. Зерттеуде «ҚР Білім туралы Заңы», «Атамекен» Қазақстан Республикасы кәсіпкерлерінің ұлттық палатасы бекіткен «Педагог» кәсіби стандарты (№133, 8 маусым, 2017ж.) және т.б. заңнамалық құжаттар негізге алынған.</p> <p>Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді. Оның ішінде: 1) «Білім беру мен ғылым саласындағы зерттеулер»; 2) «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласы бойынша зерттеулер».</p>

		Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамытуының басым бағытына сәйкес (бағытты көрсету)	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған	А.С.Сармантаевтың диссертациялық жұмысы ғылымға өзіндік үлес қосады. Өйткені, бастауыш мектеп оқушыларының ұлттық дүниетанымын қалыптастыруды педагогикалық процесте пайдалану әдістерін жетілдіру өзекті мәселе болып табылады. Осы бағытта диссертант ұлттық қозғалмалы ойындар арқылы оқушылардың танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында қалыптастыру мақсатында ұлттық ойындарды жинақтаған және оны пайдалану әдістерін ұсынған. Бұл өз кезегінде дене шынықтыру пәні мұғалімдеріне ғылыми-әдістемелік көмек боларлық.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары 2) орташа; 3) төмен 4) өзі жазбаған	Диссертациялық жұмыстың өзі жазу дәрежесі жоғары. Зерттеу барысында автордың жеке өз ой-тұжырымдарын жеткілікті дәрежеде нанымды білдіруді қажет ететін жерлері бар және сөйлем құрлысының дұрыс еместігінен ойдың түсініксіз тұстары кездеседі (9,10,17,20,23,31,33, 44,48,60,67- беттер). Дегенмен, диссертациялық жұмысты дербес орындалып, аяқталған деуге болады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация өзектілігі негізделген. Оны таңдау бүгінгі күнгі ұлттық тәрбиенің және бастауышта танымдық процестерді оқушының сензитивті кезеңін ескере отырып қалыптастыруды жетілдіру қажеттігінен туындайтындығы дәлелденген. Автор ғасырлар сынынан өткен, бала тәрбиесінде өзіндік орны бар ойындардың мазмұнын заманауи оқушыға сәкесті

		анықтаған, оларды дене шынықтыру сабақтарында пайдалану ретіне талдау жасаған, тақырып өзектілігін айқындаған.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды. Бір-бірімен логикалық байланыста құрылған негізгі екі бөлім және оның тармақшалары зерттеу барысын жеткілікті дәрежеде ашпайды. Тарау, оның тармақшалары логикалық бірізділікте қойылғанымен, олардың мазмұнында кейбір сәйкессіздіктер кездеседі. Мәселен, 2 тараудың 1-ші және 2-бөлімдерінде бастауыш сынып оқушыларының дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындарды қолдануды анықтау мен қалыптастыру эксперименті аралас сипатталып беріледі. Тәжірибелік эксперименттік жұмыс нақты көрсетілмегендіктен, кестедегі сандардың мәнін тану түсініксіздік тудырып тұр.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	А.С.Сармантаевтың зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Көрсетілген міндеттер мақсатқа жетуде логикалық байланыста берілген.
	4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; себебі... 3) байланыс жоқ	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан. Тараулар өзара байланысып, оның бөлімдері бір-бірімен мазмұндық сабақтасқан. Міндеттер мақсатқа сәйкес рет-ретімен ақылға қонымды баяндалып орналастырылған. Дегениен жазылған мәтінде ойдың қайталануы, аралас берілуі кездеседі (2-тарауда 82-90 қарастырылған анықтау жұмысы келесі бөлімде қайталады).
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп	Диссертациялық жұмыста жаңа шешімдер мен талдаулар бар. Автор өз зерттеу жұмысына дейінгі диссертациялардағы тұжырымдар

		<p>бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 	<p>мен ұсынымдарға өз көзқарасынан баға берген. Өзінің диссертациялық жұмысына негіз болатын идеяларды басшылыққа алған. Жалпы зерттеулерде идея ортақтығы болғанымен, зерттеу объектісі мен пәніне қарай өзіндік тұжырым жасалған.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25%-кем жаңа болып табылады) 	<p>Диссертациялық зерттеу нәтижесінде қол жеткен нәтижелер мен қағидаттарды толығымен жаңа деп айтуға болады. Мәселен, «Таным», «белсенділік», «танымдық белсенділік» ұғымдары отандық және шетелдік зерттеулерде жан-жақты зерттеліп келеді. Дегенмен, бастауыш мектепте ұлттық-қозғалмалы ойындарды оқушылардың танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында пайдалануды жүйелеп, нақты ұсыныстар беруі автордың өзіндік зерттеу қолтаңбасы деуге тұрарлық.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25%-кем жаңа болып табылады) 	<p>Диссертацияның қорытындылары салыстырмалы талдауға және зерттеушінің өзіндік тұжырымдау нәтижелеріне негізделген. Зерттеушінің шет елдік, отандық ғалымдардың зерттеулерінде жинақталып, зерделеніп жүйеленген зерттеулерді жұмыс мақсатына орай толықтырып, пайдалануы диссертациялық жұмыстың ерекшелігін айқындайды. Осыдан, зерттеуші ұсынып отырған зерттеу нәтижелері толығымен жаңа болып табылады.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа 	<p>Диссертациядағы тәжірибелік-эксперименттік жұмыс бойынша алынған нәтижелер эмпирикалық зерттеу әдістері негізінде зерделеніп, тұжырым жасалған. Зерттеудің шынайылығын көрсету үшін диссертант педагогикаға тән сандық және сапалық әдістерді пайдалана білген. Ғылыми зерттеулерде жиі қолданыс тапқан авторлық</p>

		(25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25%-кем жаңа болып табылады)	әдістемелерді пайдалана отырып, зерттеу нәтижелерін көрсетуге бағытталған жұмыстар жасаған. Оларды диаграммалар арқылы дәлелдеу механизмдерін дұрыс орналастырған.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген /негізде лмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан нақтылы дәлелдемелерде негізделген. Ғылымда зерттелген, дәлелді ақпараттар мен статистикалық мәліметтерді, талдаулар мен тұжырымдалған ғылыми ережелерді негізге алған. Осының негізінде диссертант зерттеу бағытына сәкес оңтайлы әдістерді іріктеп алып, дене шынықтыру пәнінде пайдаланып, зерттеу нәтижелерінің шынайылығын растаған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әрбір қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденген; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиальды ма? 1) иә; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) иә; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) иә; 2) жоқ	7.1. А.Сарматовтың зерттеу нәтижелері бойынша бес қағидат дәлелденген. -«Таным», «белсенділік», «танымдық белсенділік» ұғымдарының нақтыланған мәні мен «бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру» ұғымының авторлық анықтамасы; – бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі; – бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың мазмұны; – бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың формалары мен әдістерінің тиімділігі; – бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері

			<p>мен ұсыныстар.</p> <p>7.2) Зерттеу нәтижелері тривиалды емес, жаңа, қолдану аясы кең және ол 7 түрлі деңгейдегі басылымдарда мақала ретінде дәлелденген. Мәселен, зерттеудің негізгі нәтижелері мен қағидалары халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларында (Қарағанды, 2017; Қостанай 2017; Чехия 2018) және білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда (Астана 2018; Уфа 2019; Алматы 2019), Скопус деректер базасында (Spase and Culture, India, 2020 (march). - V.7(4).-P.255-263. http://www.spaceandculture.in/index.php/spaceandculture/issue/view/33) жарық көрген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) иә; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың әдіснамалық негізі жеткілікті айқындалған. Таңдалған әдіснамалық тұғырлар зерттеу барысында өз алдына жеке қызмет атқарады және зерттеу жұмысын дұрыс ұйымдастыру мен жүгізуге ықпал етерлік. Зерттеудің ғылыми аппараты, зерттеу мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер мен зерттеу кезеңдері жұмыста орынды баяндалған. Зерттеуде пайдаланылған әдістердің қолданылуы жақсы негізделген.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері қолдану арқылы, ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) иә; 2) жоқ</p>	<p>Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы, ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Диссертациядағы нәтижелер зерттеудің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу (теориялық және эмпирикалық, синтездеу әдістері), өзіндік интерпретациялау әдістемелерін пайдаланумен алынған, компьютерлік технологиялардың көмегімен түрлі сызбалар, кестелер, диаграммалар, сауаламалар құрастырылған.</p>

			Тәжірибелік – эксперименттік жұмыстың нәтижелері математикалық-статистикалық әдістермен өңделген. Олар диссертациялық жұмыстың құндылығын арттыруға ықпал етеді.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді): 1) иә; 2) жоқ	Диссертациялық зерттеу бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыруға негізделген. Сонымен қатар, осы уақытқа дейін жүргізген зерттеулерді әрі қарай жетілдіру мақсатында ұлттық-қозғалмалы ойындарды дене шынықтыру сабағында бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін қалыптастыруды іздестіру теориялық және эмпирикалық әдістер арқылы шешімін тапқан. Осыған орай, зерттеу нәтижелері бойынша берілген ғылыми ұсыныстардың дәйектілігі эксперимент жұмысының сандық көрсеткіштерімен расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Диссертациялық жұмыстағы маңызды мәлімдемелер жұмысты жазу барысында қолданылған 168 әдебиетке сілтеме жасаумен расталған. Оның ішінде шетел ғылымдарының, ТМД елдері мен отандық ғалымдар зерттеулері қамтылған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткілік сіз	Әдеби шолу үшін автор жеткілікті дереккөздерді пайдаланаған. Олар өзекті әрі маңызды болып табылатын және сенімді дереккөздер. Диссертацияда қолданылған әдебиеттер зерттеу жұмысының мазмұнына сәйкес келеді.
9.	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңы бар: 1) иә; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңы бар. Себебі, зерттеу барысында айқындалған түсінік-ұғымдар мен мазмұндық іріктелген ойындар бастауыш мектеп оқышыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық ойындар арқылы қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар,

			бастауыш мектепте оқылатын пәндердің мазмұнын жетілдіруде теориялық ақпарат ретінде қажет материалдар деп қарастыруға болады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану ықтималдығы жоғары: 1) иә; 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу нәтижесінде қол жеткен нәтижелерді қосымша білім беруде, жазғы лагерь жұмыстарында, жалпы, салауатты өмір салтын насихаттауда, оқу пәндерінің мазмұнын жетілдіруде пайдалану тиімді болмақ.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25%-кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар толық жаңа болып табылады. Зерттеуші мұғалімдерге арналған «Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру» атты электронды оқу құралын дайындап, ұсынған. Зерттеу нәтижелерін бастауыш сынып және дене шынықтыру пәні мұғалімдеріне білім алушылардың ұлттық дүниетанымын арттыру барысында әдістемелік құрал ретінде қолдануға, білім жетілдіру курстарында пайдалануға болады. Дегенмен, диссертациялық жұмыс бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін қалыптастыруды мақсат еткендіктен балаларға арналған ұлттық-қозғалмалы ойындар жинағы нақты ұсынылғанда диссертацияның практикалық мәні арта түсер еді.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Зерттеу тақырыбына байланысты ғылыми материалдарға жан-жақты талдау жүргізгендігі, пайдаланған авторларға сілтеме келтіру және соңында автордың ой-тұжырым жасауы, әр тарауды өзара сабақтастықта байланыстыруы академиялық жазу сапасының жоғары екендігін байқатады. Диссертация жазуда бөлімнен бөлімге көшу принципі орындалған.

белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру» тақырыбында орындалған докторлық диссертациясын қорғауға ұсынуға болады. Ізденуші Аян Сапарович Сармантаевқа 8D01301– «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруге болады.

Ресми рецензент:

Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті
Педагогика кафедрасы
п.ғ.к., доцент



Н.П. Албытова

